



**БҰЙРЫҚ**  
*29.12.2016 № 19*  
Астана қаласы

**ПРИКАЗ**

город Астана

**Үкіметтік емес ұйымдар үшін  
2017 жылға арналған гранттар  
беру жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 413 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12764 болып тіркелген, 2016 жылғы 12 қаңтарда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) Үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар беру және олардың іске асырылуына мониторингті жүзеге асыру қағидаларының 9, 10, 11-тармақтарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Үкіметтік емес ұйымдары үшін 2017 жылға арналған гранттар беру жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Азаматтық қоғам комитеті Жоспарды заңнамамен белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық министрлігі Азаматтық қоғам істері комитетінің төрайымы Ә.Қ. Ғалымоваға жүктелсін.
4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министрдің  
міндетін атқарушы



Б. Арын

Қазақстан Республикасы  
Дін істері және азаматтық қоғам  
министрінің міндетін атқарушының  
2016 жылғы «29» желтоқсандағы № 19  
бұйрығына қосымша

**ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАР ҮШІН 2017 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ГРАНТТАР БЕРУ ЖОСПАРЫ**

№	Жоба атауы	Қысқаша сипаттамасы (жобаның негізгі бағыттары)	Гранттық қаржыландыру шеңберінде бөлінген қаржы, мың теңге
<b>1.</b>	<b>Білім беру, ғылым, ақпарат, дене шынықтыру және спорт саласындағы мақсаттарға қол жеткізу</b>		
1.	1.	<p><b>Балалар және білім беру, бос уақыт және мәдени іс-шаралар</b></p> <p><i>Білім беру саласында қоғамға ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігінің мониторингі</i></p>	<b>10 000</b>
		<p>Білім беру саласындағы ұйымдарда қоғамға ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігінің мониторингі</p> <p>Білім беру бағдарламаларын жаңартуға, қосымша білім беру ұйымдарының қызметін дамытуды ғылыми-әдістемелік сүйемелдеуді жетілдіруге ұсыныстар дайындау.</p> <p>Педагогикалық және ата-аналық қоғамды шоғырландыру бойынша жобаны жүзеге асыру.</p> <p>Өмірде қиын жағдайларда жүрген балалар мен жасөспірімдерді қосымша білім беруге тарту жұмысын жандандыру.</p>	
<b>ЖИЫНЫ</b>			<b>10 000</b>
<b>2.</b>	<b>Азаматтардың денсаулығын сақтау, салауатты өмір салтын насихаттау</b>		
2.	1.	<p><b>Бала және денсаулық</b></p> <p><i>Кешенді зерттеу жүргізу</i></p>	<b>10 000</b>
		<p>Кешенді зерттеу жүргізу:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мектеп жасындағы балалар арасында психикалық денсаулықтың проблемалық мәселелерін шешу, өз-өзіне қол жұмсауды болдырмау профилактикасы бойынша;</li> <li>- нәпсіқұмарлық және репродуктивті денсаулықты сақтау, қаламаған жүктілік және жыныстық жолмен берілетін инфекциялар профилактикасы, салауатты өмір салтын және дұрыс тамақтануды қалыптастыру мәселелері бойынша.</li> </ul>	

			Ұсыныстар әзірлеу. Аналитикалық баяндама дайындау	
3.	2.	<b>Мүмкіндігі шектеулі балалар</b>  <i>Әлсіз санаттағы балалардың құқықтарын сақтай отырып жағдайды, кедергісіз ортаны зерттеу және мониторингтеу.</i>	Әлсіз санаттағы балалардың құқықтарын сақтай отырып жағдайды, кедергісіз ортаны зерттеу және мониторингтеу. Мүмкіндігі шектеулі балаларға мәдениет, спорт және білім беру объектілерінің қолжетімділігі саласында стандарттарды әзірлеу. Мүмкіндігі шектеулі балаларға көмек беру үшін әлеуметтік көмек беру қызметтерін құру. Әлеуметтік жұмысшыларды оқытуға бағытталған әдістемелік материалдарды инклюзивті білім беруді енгізу бойынша стандарттарды әзірлеу, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған Ресурстық орталықтар ашу.	<b>10 000</b>
<b>ЖИЫНЫ</b>				<b>20 000</b>
<b>3.</b>		<b>Қоршаған ортаны қорғау</b>		
4.	1.	<b>Балалар және қоршаған ортаның жағдайы</b>  <i>Балалардың аурушаңдығына байланысты қоршаған ортаның жай-күйін бағалау</i>	ҚР елді мекендері бойынша балалардың, соның ішінде туа біткен аурушаңдығына байланысты қоршаған ортаның жай-күйін бағалау. Эко-білім беру және экологиялық қабылдау бойынша іс-шаралар өткізу: білім беру және ақпараттық тұрғыда.	<b>10 000</b>
<b>ЖИЫНЫ</b>				<b>10 000</b>
<b>4.</b>		<b>Жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдау</b>		
5.	1.	<b>Ауылды жерлерде жастарға арналған әлеуметтік қызметтер ұйымдастыру</b>	Ауыл жастарының қажеттіліктерін бағалау Әртүрлі санаттағы жастармен жұмыс жасау бойынша әлеуметтік қызмет жұмысын ұйымдастыру	<b>10 000</b>
6.	2.	<b>Бала көзқарасын құрметтеу</b>  <i>Консультативтік және білім беру орталықтарын құру</i>	Мектеп-интернат оқушыларының ата-аналарына және жалпы білім беретін мектептердегі ата-аналар комитетінің өкілдеріне тренингтер ретін өткізетін консультативтік және білім беру орталықтарын құру: «Барлық балаларды жақсы көреміз», «Мықты және тату отбасы – баланың сәтті дамуының кепілі». Білім беру орталығының аясында жасөспірімдерге (мектеп және колледж оқушыларына) арналған «Құқықтанушы мектебін» ұйымдастыру	<b>10 000</b>
7.	3.	<b>Балалар және кәсіпкерлік</b>	Бала еңбегі, бала еңбегімен байланысты істі дамыту және оның жай-күйі жағдайы саласында зерттеу жүргізу.	<b>10 000</b>

		<i>Бала еңбегі, бала еңбегімен байланысты істі дамыту және оның жай-күйі жағдайы саласында зерттеу жүргізу</i>	Балалар мен жастар арасында кәсіпкерлік дағдыларды дамыту бойынша семинарлар, дәрістер, тренингтер, тақырыптық курстарды өткізу және ұйымдастыру. Балаларға арналған өнімдерді мониторингтеу. Балаларға арналған өнім шығаратын ұйымдарды қолдау үшін ұсыныстар мен ұсынымдар, стандарттау механизмін әзірлеу.	
8.	4.	<b>Балалар мен жастарға патриоттық тәрбие беру және мәдениетін қалыптастыру</b>  <i>Балалардың ең маңызды деген мәселелерін анықтау үшін зерттеу жүргізу</i>	Балалардың ең маңызды деген мәселелерін анықтау үшін зерттеу жүргізу және ұлттық және жергілікті деңгейде шешімдерді қабылдауға әсер ететін арналарды анықтау. Балаларды толғандырып жүрген сұрақтары бойынша қоғамдық консультацияларды ұйымдастыру және өткізу. Балалар мен жастардың мәдениетін қалыптастыру мақсатында қазақ және орыс тілдерінде әлеуметтік, көркемделген, тоқсан сайын шығып тұратын журнал басып шығару.	<b>10 000</b>
<b>ЖИЫНЫ</b>				<b>40 000</b>
<b>5.</b>	<b>Гендерлік мәселелерді шешу</b>			
9.	1.	<b>Әйелдер мен қыз балаларға қатысты зорлық-зомбылық профилактикасы бойынша қызметтердің жұмысын ұйымдастыру</b>	Қазақстандағы тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселені және оның профилактикасы бойынша жүргізіліп жатқан мемлекеттік шаралар жайында консультация беру Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл бойынша әлеуметтік роликтер түсіру арқылы алдын алу ақпараттық қызметті ұйымдастыру	<b>2 000</b>
10.	2.	<b>Қазақстанда гендерлік бюджеттеуді енгізу мәселесі бойынша зерттеу жүргізу және соңынан нақты ұсыныстар әзірлеп талдау жүргізу</b>	Барлық салалар және ерлер мен әйелдердің әртүрлі тобына көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша мемлекеттік бюджеттеудің қолданыстағы жүйесінің әсерін бағалау. Мемлекеттік қызметтер саласында мүмкіндіктер теңдігіне қол жеткізуге бағытталған гендерлік-бағдарлық қаржы бөлуді талдау.	<b>8 000</b>
<b>ЖИЫНЫ</b>				<b>10 000</b>
<b>6.</b>	<b>Халықтың әлеуметтік осал топтарына қолдау көрсету</b>			
11.	1.	<b>Халықтың әлеуметтік осал топтарына арналған әлеуметтік қызметтердің жұмыстарын жандандыру</b>	Халықтың әлеуметтік осал топтарының мәселелері бойынша заңнамаға талдау жасау және жағдайды жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу. Халықтың әлеуметтік осал топтарына, сонымен қатар ауылдарда психологиялық-педагогикалық, медициналық-әлеуметтік, заң	<b>12 000</b>

			көмегін және құжаттауды қоса алғанда әлеуметтік қызметтерді ұйымдастыру.	
12.	2.	<b>Қазақстандағы мүмкіндігі шектеулі адамдардың қазіргі жай-күйін талдауы</b>	Мүмкіндігі шектеулі жандардың қазіргі жай-күйін, сондай-ақ заңнамалық және халықаралық тәжірибе бойынша кешенді зерттеуді ұйымдастыру. Мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтендіру жағдайын жақсарту бойынша ұсыныстар дайындау.	<b>7 000</b>
<b>ЖИЫНЫ</b>				<b>19 000</b>
<b>7.</b>	<b>Жетім балаларға, толық емес және көп балалы отбасы балаларына көмек. Балалар құқығын қорғау.</b>			
13.	1.	<b>Бала және отбасы</b>  <i>Қорғау қызметтерін дамыту және өмірде қиын жағдайда жүрген отбасыларына көмек көрсету</i>	«Отбасы және бала орталығы» пилоттық моделін құру Қазақстанда жетім балалар мен ата-ананың қарауынсыз қалған балаларға арналған Тәлімгерлік және қонақжай отбасы институтын дамыту Психологиялық қызметтер көрсету арқылы қолайсыз отбасыларға (балаларға қатыгездік таныту және әлеуметтік жетімдік тәуекелімен) алдын ала профилактика жұмыстарын жүргізу. Жетім балаларды отбасылық тәрбиелеуде балалар үйіне баламалы нысандарды кеңінен насихаттау. Дағдарыстан болған психологиялық салдардың профилактикасы. Отбасылық құндылықтарды, отбасылық қарым-қатынас мәдениетін, жауапкершілігі мол ана мен бала жағдайын насихаттау. Балалар үйлерін Отбасы мен балаларға қолдау орталығына айналдыру бойынша жобаларға қолдау көрсету. Асырап алатын ата-аналарды, баламалы отбасыларды дайындаудың ұлттық стандарттарын дайындау.	<b>10 000</b>
14.	2.	<b>Бала және оның құқығы: дискриминация емес</b>  <i>Балаларға арналған бейімдеу және әлеуметтендіру орталықтарын құру</i>	ҚР барлық аумақтарында оның ішінде Заңмен қайшылық жағдайда жүрген және халықтың осал топтарынан шыққан балаларға арналған бейімдеу әлеуметтендіру орталықтарын құру. Өмірде қиын жағдайда жүрген балалар мен отбасыларға аудандық қолдау көрсету қызметінің біріктірілген моделін жүргізу. Жетім балалармен жұмыс істеу, мүгедек балалармен жұмыс істеу. АИТВ-мен өмір сүріп жатқан балаларға қатысты қоғамда толеранттылықты және стигмамен кемсітушілікті қалыптастыру. Тьюторлар мектебін құру (жалпы білім беру процесінде ерекше	<b>10 000</b>

			қажеттілікті талап ететін балаларды алып жүретін тұлғалар ретінде жүрген мамандарды оқыту)	
15.	3.	<b>Балалар және зорлық-зомбылықпен күрес</b> <i>Дағдарыс жағдайларымен жұмыс жасайтын әлеуметтік қызметті құру</i>	Балалар мен ата-аналар арасында дағдарыс жағдайларымен жұмыс жасайтын әлеуметтік қызметті құру Қиын отбасылармен жұмыс жасау және оларға практикалық көмек көрсету Толық емес және көп балалы отбасылардан шыққан балаларға көмек көрсету	<b>10 000</b>
16.	4.	<b>Бала және заң</b> <i>Қазақстан Республикасында баланың құқығы мен мүдделерін қорғау саласында кешенді зерттеу жүргізу</i>	Қазақстан Республикасында баланың құқығы мен мүдделерін қорғауға қатысты кешенді зерттеу дайындау және жүргізу Заңмен қайшы жағдайда жүрген кәмілеттік жасқа толмаған тұлғаларға арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын жасау Заңмен қайшы жағдайда жүрген кәмілеттік жасқа толмаған, балалар құқығын қорғау бойынша халықаралық және ұлттық нормаларды есепке ала отырып, жасөспірімдер үшін баламалы бағдарламалар.	<b>10 000</b>
17.	5.	<b>Балалар құқығын қорғау саласында жағдайды тәуелсіз мониторингтеу және талдау</b>	Қазақстан Республикасында балалар құқығын қорғауға және заңды мүдделерін қамтамасыз етуге қатысты барлық үлгідегі ұйымдар мен мекемелерде ақпараттың ашықтығын және қолжетімділігін мониторингтеу және талдау. Ағымдағы кезең бойынша Қазақстанда балалар құқығын қорғау саласында баламалы баяндама дайындау.	<b>20 000</b>
18.	6.	<b>Бала және сот төрелігі</b> <i>Ювеналды әділеттік саласындағы жағдайды бағалау</i>	Ювеналды әділет саласындағы жағдайды бағалау. Соттарға, азаматтық қоғам өкілдеріне, сарапшыларға және барлық мүдделі тараптарға арналған тақырыптық семинарлар өткізу. Зерттеулер нәтижелері негізінде осы сала бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимыл ұйымдастыру.	<b>10 000</b>
19.	7.	<b>Балалар құқығы саласында мониторинг, талдау және зерттеулер жүргізу</b>	ҚР баланың құқығы мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге қатысты ҚР құқық қолданушылық практика және қолданыстағы заңнама саласындағы талдау және мониторинг, зерттеу. Балалар құқығы бойынша уәкілетті мемлекеттік органдардың жұмысы үшін өлшемшарттар жасау, олардың заңды мүдделерін қамтамасыз ету. Балалардың құқығы мен заңды мүдделерін қорғау мәселелеріндегі	<b>20 000</b>

			ведомствоаралық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар әзірлеу. ҚР балалардың құқығы мен заңды мүдделерін қорғау бағыттары бойынша жағдайды мониторингтеуді, талдауды жүргізу, қорытынды шығару және ұсыныстар жасау.	
20.	8.	<b>Қазақстан балаларына арналған «111 сенім телефоны» ақпараттық қызметінің жұмысын ұйымдастыру</b>	Ақпараттық қызметтің жұмысын ұйымдастыру. Қазақстан Республикасында балалар құқығы бойынша ұлттық байланыс-орталығын ақпараттық және аналитикалық сүйемелдеу. Мектептерде, балалар үйлерінде және басқа да балалар мекемелерінде ақпараттық іс-шаралар ұйымдастыру. БАҚ, әлеуметтік желілерде ақпараттық компанияларды ұйымдастыру. Балалармен жұмыс жасайтын республикалық және жергілікті деңгейдегі Мемлекеттік органдарға, мемлекеттік емес ұйымдарға аналитикалық ақпараттар мен мақсаттық ұсыныстарды, ұсынымдарды дайындау.	<b>20 000</b>
<b>ЖИЫНЫ</b>				<b>110 000</b>
<b>8.</b>		<b>Азаматтарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу</b>		
21.	1.	<b>Жұмыспен қамту қызметінің жұмысын ұйымдастыру</b>	Ауыл тұрғындары арасында оқытуды ұйымдастыру. Бастапқы кезеңде қатысушыларды қажетті ресурстармен (тігін ательесіне қажетті материалдар, аяқ киім шеберханалары және ауыл тұрғындарына қажетті өзге мамандықтар) қамтамасыз ету. Жұмыспен қамтудың алғашқы кезеңдерінде қолдау – практикалық көмек көрсету.	<b>10 000</b>
<b>ЖИЫНЫ</b>				<b>10 000</b>
<b>9.</b>		<b>Азаматтар мен ұйымдардың құқығын заңды мүдделерін қорғау ҮЕҰ шешім қабылдау процесіне қатысуын және ҮЕҰ тұрақтылығын арттыруды кеңейту</b>		
22.	1.	<b>Жергілікті өзін-өзі басқару және азаматтық қоғам институттары арқылы азаматтардың шешім қабылдау процесстеріне қатысуын кеңейту</b>	Ауылдардағы азаматтық бастамашылықтарды дамыту үшін аудандар мен қалалар деңгейінде ресурстық орталықтардың қызметін белсенділендіру.	<b>20 000</b>
23.	2.	<b>Республикалық және жергілікті қоғамдық кеңестердің қызметін бағалау және олардың рөлін</b>	Қоғамдық кеңестердің әлеуетін арттыру және халықтың тарапынан сенімділік деңгейін арттыру мақсатында олардың қызметін зерттеу.	<b>10 000</b>

		<b>арттыру мақсатында әлеуетін күшейту үшін ұсыныстарды әзірлеу</b>	Қоғамдық кеңестердің әлеуетін арттыру әдістемесін әзірлеу және сынақтан өткізу.	
24.	3.	<b>Қаржылық және әлеуметтік тиімділік есебін ескере отырып, мемлекеттік функциялардың бір бөлігін азаматтық сектор өкілдеріне тапсыру</b>	Қазақстанның ҮЕҰ-дарының мемлекеттік функцияларда жүзеге асыру мүмкіндігі әлеуетін кешенді зерттеу (мемлекеттік орган мен аймақты мысалға келтіріп). Мемлекеттік функцияларды ҮЕҰ тапсыру механизмін әзірлеу және тәжірибе жүзінде іске асыру. ҮЕҰ-лардың халыққа қызмет көрсетуінің халықаралық тәжірибесі. ҮЕҰ мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруға аттестаттау, сертификаттау рәсімдерін және әзірлігін зерттеу.	<b>12 000</b>
25.	4.	<b>Халықаралық тәжірибенің негізінде өңірлер бөлігінде азаматтық қоғамның даму индексі есептеу әдістемесін әзірлеу арқылы азаматтық сектордың рөлін арттыру</b>	Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайы ұқсас елдердің халықаралық тәжірибесін зерттеу. Сандық халықаралық зерттеулердің әдістемелерін талдау, азаматтық қоғамның даму индикаторларын айқындау. Әдістемені әзірлеу және барлық облыстардағы өлшеу. Аналитикалық есепті ұсынымдарымен бірге дайындау	<b>10 000</b>
26.	5.	<b>ЭСДҰ елдерінің халықаралық тәжірибесінің негізінде КЕҰ әлеуметтік-экономикалық дамуға қосқан үлесін есептеу әдістемесін әзірлеу</b>	Сарапшылар мен қоғамның пікірін ескере отырып, КЕҰ әлеуметтік-экономикалық дамуға қосқан үлесі саласында зерттеулер жүргізу. КЕҰ-ның үлесін көрсететін көрсеткіштерді әзірлеу. КЕҰ-дың үлесін бағалауға арналған көрсеткіштер тізбесін әзірлеу. Аналитикалық есепті дайындау.	<b>5 000</b>
27.	6.	<b>КЕҰ әлеуетін жүйелі түрде арттыратын тұрақты жұмыс жасайтын алаңды жасау</b>	Үкіметтік емес ұйымдарда ақпараттық портал түріндегі консультациялық қызметті құру және жүргізу, онда КЕҰ қызметін арттыруды қамтамасыз ету үшін оқыту модульдері, вебинарлар мен нормативтік-құқықтық актілер және басқа да материалдар орналастырылатын болады. Мониторингті және бағалауды өткізу үшін кәсіби зерттеушілерді дайындау.	<b>10 000</b>
28.	7.	<b>Мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың өзара әрекеттесу деңгейін арттыру</b>	мемлекеттік органдардың коммерциялық емес ұйымдармен өзара іс-қимылының қазіргі жағдайының тиімділігі мәселелері бойынша талдау жүргізу. Тиімді ынтымақтастық механизмдерін әзірлеу. Қоғамдық пікірталас өткізу және тиімді өзара іс-қимыл бойынша	<b>10 000</b>



			ұсынымдарды ілгерлету. ҮЕҰ-мен мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын күшейту бойынша семинарлар өткізу.	
29.	8.	<b>Құқықтық мәдениет пен қоғамның құқықтық санасын қалыптастыру.</b>	Азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру мен құқықтық санасын арттыру жөніндегі қызметтің жұмысын ұйымдастыру. Аталмыш бағытта ақпараттық жұмыс өткізу.	<b>5 000</b>
30.	9.	<b>Азаматтық сектор қызметін жариялауда бұқаралық ақпарат құралдарының әлеуетін арттыру</b>	БАҚ пен ҮЕҰ өзара іс-қимылының қазіргі жағдайын, азаматтық сектордың БАҚ-та жариялану деңгейін талдау. Азаматтық қоғамды дамыту бойынша ақпаратты халыққа жеткізу бөлігінде БАҚ өкілдеріне консультациялық, әдістемелік, білім беру жұмыстарды жасау. Азаматтық қоғам саласындағы өзекті мәселелер жайында ақпараттық материалдарды интернет-кеңестігінде, әлеуметтік желілер мен блогтарда жариялау арқылы ақпараттық жұмысты жүргізу. Блогерлермен тиімді өзара іс-қимылды қалпына келтіру. Әлеуметтік желілердің контентті толтырылуы	<b>18 000</b>
31.	10.	<b>Қазақстанның заманауи азаматтық қоғамының қазіргі жағдайы мен даму перспективаларын талдау</b>	Заңнамалық, халықаралық практикаларды талдауды, халықтың, ҮЕҰ, сарапшылар мен халықаралық қауымдастықтардың, мемлекеттік және бизнес-құрылымдардың арасындағы секторлардың сауалнаманы қоса отырып, зерттеу жүргізу. Азаматтық секторды дамыту бойынша ұсыныстарды даярлау. «Қазақстандағы ҮЕҰ азаматтық секторы» Ұлттық баяндамасын әзірлеу және жасау.	<b>12000</b>
32.	11.	<b>Халықаралық және мемлекеттік қаржыландыру есебінен коммерциялық емес ұйымдардың жобаларының әсерін мониторингтеу және бағалау</b>	Халықаралық және мемлекеттік гранттардың басым бағыттарын және олардың қоғамның әлеуметтік проблемалары мен қажеттіліктеріне сәйкестігін талдау. Жобалардың экономикалық пайдасын анықтау, әлеуметтік проблемаларды өзгеруге әсер. Жобалар шеңберінде халықаралық және мемлекеттік қаржыландыру есебінен өзара іс-қимыл бойынша ұсыныстарды әзірлеу.	<b>10 000</b>
33.	12.	<b>Азаматтардың құқығын қорғау мәселелері бойынша ҮЕҰ мен мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл деңгейін арттыру</b>	Қазақстандағы құқық қорғау ҮЕҰ-ның жұмыстарын, олардың мемлекеттік органдар өзара іс-қимыл деңгейін кешенді талдау. Құқық қорғау үкіметтік емес ұйымдары мен мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын күшейту бойынша әдістемелік,	<b>12000</b>

			консультациялық, білім беру жұмыстарын ұйымдастыру. Қазіргі жағдайды жақсартуға арналған ұсынымдарды әзірлеу.	
34.	13.	ҮЕҰ әлеуетін, олардың ішінде ауылдық хабар беру саласында ұйымдардың мемлекеттік қолдау әдістері өз бенефициарларына жайында үкіметтік емес ұйымдарын сапалы талдау	Халық, ҮЕҰ, мемлекеттік сектор, халықаралық және бизнес-қоғамдастығы арасында ҮЕҰ қызметін зерделеу, мемлекеттік саясатты және мемлекет тарапынан халықты қолдау әдістерін түсіндіру, мемлекеттік бағдарламаларды іске асырудағы олардың қатысу белсенділігі бойынша зерттеу жүргізу. ҮЕҰ қызметін жандандыру бойынша ұсынымдарды әзірлеу.	<b>7 000</b>
35.	14.	Өңірлер мен ауылдарды бойынша халықтың қажеттіліктері мен мұқтаждықтарын бағалауды жүргізу	ҮЕҰ әлеуметтік жобаларын іске асыру арқылы қанағаттандырылатын халықтың қажеттіліктерін анықтау бойынша кешенді зерттеу жүргізу. ҮЕҰ мемлекеттік қаржыландыруда жасалған қажеттіліктерді бағалау бойынша нәтижелерді қолдану жайында ұсыныстарды әзірлеу. Ел тұрғындарының қажеттіліктері мен мұқтаждықтар картасын қалыптастыру.	<b>21 000</b>
36.	15.	Әлеуметтік капиталды өсіру мен қазақстандық біртектілікті нығайту технологияларын қолдануда Қазақстанның ҮЕҰ әлеуетін қалыптастыру	Қазақстанның өңірлері бөлігінде, ауылдарын қосқанда әлеуметтік капиталының дамуы деңгейін бағалауды жүргізу. Қазақстандық біртектілікті нығайту мақсатында әлеуметтік капиталды дамыту бойынша үкіметтік емес ұйымдарды білім, ақпараттық, консультациялық, әдістемелік қолдауды дамыту. Ұсынымдары бар анықтамалық есептерді дайындау.	<b>10 000</b>
37.	16.	Үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік бюджеттен қаржыландырудың халықаралық және қазақстандық практиктерінің шолу	Үкіметтік емес ұйымдарды Қазақстанда қолдануға болатын қаржылық (гранттар, сыйақылар және басқа да жолдар) және басқа да жолдарымен қолдау модельдерін зерттеу жүргізу және ең нәтижелерін анықтау. Ұсыныстарды әзірлеу.	<b>5 000</b>
38.	17.	ҮЕҰ тұрақтылығының баламалы жолдарының халықаралық және қазақстандық практиктерінің шолуы	Бүгінде қолданыстағы практикаларды талдау, олардың ішінде: әлеуметтік, кәсіпкерлік краудфандинг, ақылы қызмет көрсету және т.б. Олардың Қазақстанда, сонымен қатар ауылдарда қолдануын талдау. Заңнамаларға шолу және жоғарыда аталған практикаларды Қазақстанда кеңінен тарату модельдерін әзірлеу. ҮЕҰ тұрақтылығын арттыру мақсатында әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту бойынша, оның ішінде заңнамалық деңгейде	<b>7 000</b>

			ұсыныстарды дайындау.	
39.	18.	<b>Мәдени интеллигенцияның пікірталас курстарын қалыптастыру</b>	Мәдени интеллигенция пікірталас курстарын қалыптастыруға бағытталған кешенді зерттеулер жүргізу. Өзекті мәселелер бойынша пікірталас алаңдар ұйымдастыру. Ұсынымдарды әзірлеу.	<b>5 000</b>
40.	19.	<b>Сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне төзбеушілік атмосферасын қалыптастыру және қоғамда жемқорлықпен күрес мәдениетін ілгерлету</b>	Халықтың сауаттылығын арттыру жөніндегі білім беру қызметін және ауылды қоса алғанда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы хабардар болуын ұйымдастыру. Сыбайлас жемқорлықпен күрес мәдениетін қалыптастыру бойынша бағытталған роликтер жасау және кеңінен тарату. Ұсыныстарды әзірлеу.	<b>7 000</b>
41.	20.	<b>ҮЕҰ сарапшыларының құзыреттілігі модельдерін әзірлеу</b>	ҮЕҰ сарапшыларының дағдыларын бөлігінде дамыту халықаралық тәжірибелерді зерттеу. Қазақстанның ҮЕҰ сарапшылары үшін үздік практикаларды қолдану. ҮЕҰ сарапшыларының құзыреттілігі модельдерін әзірлеу.	<b>3 152</b>
42.	21.	<b>Волонтерлік қызметінің даму әлеуетін зерделеу</b>	Қазақстандағы волонтерлік жай-күйді талдау бойынша сараптамасын зерттеуді ұйымдастыру. Волонтерлік қызметінің даму әлеуетін орталық және жергілікті деңгейде зерттеу.	<b>4 000</b>
<b>ЖИЫНЫ</b>				<b>203 152</b>
<b>10.</b>	<b>Тарихи-мәдени мұраларды қорғау</b>			
43.	1.	<b>«Алаш» ұлттық қозғалысының құрылу сәтінен бастап, 100 жыл толу құрметіне, сондай-ақ саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алуға арналған ақпараттық, білім беру қызметін ұйымдастыру</b>	«Алаш» ұлттық қозғалысының құрылу себептерін түсіндіру, тарихи-мәдени мұраның сақталуы, халықты ұлттық мемлекеттіліктің қалыптасуының фундаментальді негіздерін ақпараттандыру қызметін ұйымдастыру. Халық арасында тарихи оқиғаларды түсіндіру, сондай-ақ саяси қуғын-сүргін құрбандарын 80 жылдық датасының өскелең ұрпаққа есте сақтау маңыздылығын насихаттау.	<b>5 000</b>
<b>ЖИЫНЫ</b>				<b>5 000</b>
<b>11.</b>	<b>Қоғамдық келісімді және ұлттық бірлікті дамыту Қоғамның дерадикализациясы</b>			
44.	1.	<b>Радикалды идеологиядан зардап шеккен азаматтарды оңалту және</b>	Мақсаты: деструктивті, экстремистік діни ұйымдар мен ағымдардың ықпалына түскен азаматтарды оңалту арқылы	<b>106 322</b>

		<b>бейімдеу қызметі орталықтарының қызметін ұйымдастыру</b>	<p>қоғамның радикалдану деңгейін төмендету.</p> <p>Міндеті: радикалды діни ұйымдар мен топтардың ықпалына түскен азаматтарды оңалту, консультациялық жәрдем беру.</p> <p>Экстремистік идеологияларға ұшырау мүмкіндігі жоғары топтармен жұмыс жасау арқылы экстремизмге, терроризмге қарсы тұру және алдын алу.</p> <p>Псевдодіни, экстремистік ұйымдардың ықпалына түскен азаматтар мен қиын тәрбиеленетін жасөспірімдермен жұмыс жасау бойынша іс-шаралар ұйымдастыру.</p>	
45.	2.	<b>«E-islam» арнайы ислам интернет-порталының тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету</b>	<p>«E-islam» интернет-порталында ақпараттық және кеңес беру қызметтерін тиімді жүргізу.</p> <p>Мақсаты: адамның рухани құндылықтарын қалыптастыру және оның рухани дүниетанымы деңгейін көтеру</p> <p>Міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- дін саласындағы мемлекеттік саясаттың идеологиялық принциптерін түсіндіру;</li> <li>- ислам ережелерін, оның Қазақстанда дамуын, зайырлы мемлекетте және қоғамда исламның рөлін түсіндіру;</li> <li>- Қазақстан діни мұсылмандар басқармасының жұмысын жариялау;</li> <li>- түрлі радикалды және экстремистік топтардың қызметін, қоғамға тудыратын қауіпі туралы халыққа кеңінен түсіндіру жұмыстарын өткізу;</li> <li>- «E-islam» интернет-порталының жұмыс тиімділігін бағалау.</li> </ul>	47 800
46.	3.	<b>Діни қарым-қатынас саласындағы консультативтік және практикалық көмек көрсету үшін «Қаурыт желі» жұмысын ұйымдастыру</b>	<p>Консультациялық қызмет жүргізу.</p> <p>Мақсаты: Азаматтардан және ұйымдардан діни салаға қатысты барлық мәселелер бойынша ақпараттар жинақтау, деструктивті діни ағымдардан зардап шеккен азаматтарға психологиялық және консультативтік көмек көрсету.</p> <p>Міндеті: бірыңғай республикалық «Қаурыт желі» техникалық инфрақұрылымының «call-центр» принципі бойынша ұйымдастыру және жүргізу; «Қаурыт желі» түскен қоныраулар бойынша азаматтарға қызмет көрсету үшін ақпараттық-консультативтік орталық (бұдан әрі - Орталық) ұйымдастыру; деструктивті діни ағымдар қызметінен зардап шеккен тұлғаларға</p>	17 505

			консультативтік көмек көрсету бойынша мемлекеттік органдармен және осындай орталықтармен өзара іс-қимыл жөніндегі Орталық қызметін ұйымдастыру.	
47.	4.	<b>Дін саласында жұмыстар бойынша ақпараттық қызмет ұйымдастыру</b>	Мақсаты: интернет-кеңістігінде дін саласындағы ақпараттық жұмысты күшейту. Міндеті: дін саласындағы өзекті мәселелерге қатысты интернет-кеңістігі, әлеуметтік желілер мен блогтарда діни экстремизмнің алдын алу ақпараттық материалдарды (фото-, аудио- және бейнеөнімдер) кеңінен тарату, сондай-ақ, жастарға радикалды және экстремистік топтардың қызметін, қоғамға тудыратын қауіпі туралы кеңінен түсіндіру жұмыстарын жүргізу, дәстүрлі діни ағымдардың тарихын, қазақ халқының мәдениеті мен этностардың бейбіт өзара іс-қимылы мен араласуын қамтамасыз етуге бағытталған дін саласындағы мемлекеттік саясатты түсіндіру.	3 729
<b>ЖИЫНЫ</b>				<b>175 356</b>
<b>БАРЛЫҒЫ</b>				<b>612 508</b>